

Түркістан облысы Білім басқармасы «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі»
МКҚК- дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген

ішкі талдау

АНЫҚТАМАСЫ

Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылы

05.08.2025

Түркістан облысы Білім басқармасы, «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың ішкі талдауы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдауды жүргізу колледж директоры С.Жумадиллаевтың 2025 жылғы 25 маусымдағы №12-Н бұйрығына сәйкес, бекітілген жұмысшы топ құрамы - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Жабаева, әдіскер Б.Усаров, мемлекеттік сатып алу менеджері Ф.Мусаев, кадр бөлімінің меңгерушісі А.Махамбет, зерттеуші У.Разиқовалар тарапынан жүргізілуде.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі:

2025 жылғы 2 шілде мен 2025 жылғы 13 тамыз аралығында.

«Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК-ында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау»ды қамту кезеңі:

01.01.2024ж мен 13.08.2025ж уақыт аралығы.

Түркістан облысы Білім басқармасының «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК Түркістан облысы әкімдігі бекіткен Жарғы негізінде жұмыс атқарады.

Басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметті зерделеу келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізілді:

- 2024-2025 оқу жылына бекітілген 110 бірліктегі штат кестесіне сәйкес, 95 жұмыскер жұмыс жасайды. Оның ішінде:

1 басшы,

4 басшы орынбасарлары,

2 бөлім меңгерушісі,
1 кадр бөлімінің меңгерушісі,
1 педагог- психолог,
1 әдіскер,
1 кітапханашы,
1 медбіке,
1 жастар ісі жөніндегі инспектор,
1 АӘЖТД пәнінің ұйымдастырушы-оқытушысы,
53 инженер - педагог,
34 тұрмыстық шаруашылық жөніндегі персонал жұмыс жасайды.

Біліктілік талаптары және кәсіби стандарттар бойынша:

Барлығы 53 инженер-педагог кадрлардың сапалық құрамы:

жалпы білім беру пәндері оқытушылары – 25,
арнайы пән оқытушылары – 17,
өндірістік оқыту шеберлері-11.

Біліктілік санаты бойынша:

магистр - 1
зерттеуші - 2
сарапшы - 3
модератор – 22
педагог - 25

Педагог – маманның кәсіби құзыреттілігін арттырудың бір жолы – біліктілікті арттыру курстарына қатысуы.

2024-2025 оқу жылында колледжде директор орынбасарлары – 1, психолог – 1, жалпы білім беру пәндері оқытушыларынан – 4 оқытушы, арнайы пән оқытушыларынан – 3 оқытушы біліктілік арттыру курсынан өтті. Жалпы біліктілік арттыру курсынан – 8 педагог өткен, 14 – педагог алдағы уақытта өтуге өтініш берді.

Курстық және дипломдық жоба тақырыптарын қарастыру, бекіту, аралық және қорытынды аттестацияға дайындық және өткізу іс-шаралары және бітіруші топтардың дайындығын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Пәндер бойынша бақылау жұмыстары мен тесттердің уақытылы алынып, саралануы да назардан тыс емес. I семестрде алынатын сынақ, тесттер, оқу жылының соңында алынатын емтихандар да бірлестік жоспарына енгізілген, олар уақытылы атқарылып отыр.

Білім алушылардың, оқытушылардың және ата-аналардың әлеуметтік психологиялық сауалнамасының нәтижелері туралы:

- Білім алушылардан «Академиялық адалдық және таза сессия», «Колледж білім алушыларының көзқарасы», «Оқыту сапасына білім алушылардың қанағаттанушылығы» туралы сауалнамасы алынды, білім алушылардың ата-аналарынан «Колледж ата-аналар көзімен» сауалнамасы алынды, оқытушылар және қызметкерлерден қызметтік әдеп нормаларының

сақталуын, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеу мақсатында жасырын сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық фактілері байқалмады.

Қаржы – шаруашылық қызметті зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізіледі:

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалды.

2024 жылға бекітілген қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаржы 100% игерілді.

Инвентаризациялық тізімдер бойынша:

Мекеме ішінде 2024 жылдың қазан айында бұйрық негізінде тауарлар-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізіліп, есептен шығарылды.

Жұмыс уақыты парағы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілді.

Білім беру қызметін зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен ақпараттардың болуына байланысты жүргізіледі:

Арнайы және жалпы пән оқытушылары – 53, орташа педагогикалық жүктемелері – 740,9 сағат, аптасына 40 сағаттық штаттық режимде жұмыс жасайды.

Білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау:

дәстүрлі журнал түрінде жүргізіледі, 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы 2-қосымшасы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын» (қағида жаңа редакцияда – ҚР БЖҒМ-нің 28.08.2020 №373) басшылыққа ала отырып, бағалау жүйесі балдық жүйеге ауыстырылды.

Емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы 2-қосымшасы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын» (қағида жаңа редакцияда – ҚР БЖҒМ-нің 28.08.2020 №373) басшылыққа ала отырып жүргізіледі.

Әлеуметтік-тәрбие қызметін зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізілді:

-Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V заңына сәйкес колледжімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жұмыс жоспары колледж директорымен бекітілді және 1 қабатта сыбайластықпен күрес жөнінде 2 стенд ілінді. Колледж фойесінде сенім жәшігі қойылған және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бойынша департаменті 1424 CALL-орталығының және оқу орнының Сенім телефон номерін, басқа да

мобильдік топтардың сенім сымтетіктері көрсетілген арнайы бұрыш орналасқан;

Колледж директоры С.Жумадиллаев бекіткен «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» көрнекі стенді бірінші және екінші оқу ғимаратында ілінді.

Білім алушылардың өзін-өзі басқару кеңесі, Студенттік парламент құрылған, оның Ережесі бекітілген, кеңес секторлары сайланған, кеңес мүшелері фотолары мен кеңес ережесі, студенттер анты, колледж мақтаныштары үздіктері және түлектер фотолары стенді жасалған;

«Саналы ұрпақ» студенттер клубы туралы Ереже, жұмыс жоспары, жүргізілген іс-шаралар туралы есептер жасалған;

«Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі жастар ісі жөніндегі инспекторы М.Фазилова, жұмыс жоспары бекітілген.

Жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде орналастырылып отыр.

Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.

Мүдделер қақтығысы бойынша тікелей бағыныстағы жақын туыстардың бірге жұмыс жасауы анықталмады.

Колледжде ақылы мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша құжаттар заңға сәйкес рәсімделген.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бойынша құжаттарда кемшіліктер анықталмады.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша құжаттар барлығы заңды түрде жасалынған.

Жеке және заңды тұлғалар мен шарттар жасасу, сондай-ақ Мемлекеттік мекемелер мен жасалған қағаз нұсқадағы келісімшарттар бойынша құжаттар, лауазымдық нұсқаулық бойынша құжаттар талапқа сай жасалынған.

Мемлекеттік сатып алулар бойынша құжаттар барлығы ҚР-ның «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сай жасалынған.

Көрсетілген уақыт аралығында колледжге жеке және заңды тұлғалардан еш қандай өтініш, арыз-шағым келіп түскен жоқ.

Қорытынды:

Ішкі талдау қорытындысына орай, анықталған тәуекелдер:

1. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, тәртіптік жазаларды қолдану тәртібі сақталуы тиіс. Жұмыс беруші тәртіптік жазаны қолданғанға дейін жұмыскерден жазбаша нысанда түсініктеме талап етуге міндетті. Жасалған тәртіптік теріс қылық фактісі бойынша қызметкерге түсініктеме беру туралы талап жазбаша нысанда рәсімделеді. Жұмыс берушінің талабына сәйкес түсініктеме жазып беруі тиіс. Жұмыскердің

түсініктеме жазып бермеуі тәртіптік жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды.

2. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, қызметкер зейнет жасына жеткен күні, оған мекеме мен түзілген еңбек шарты бір айдан соң тоқтайтыны туралы хабарлама беріледі.

Ұсыныс:

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, тәртіптік шара қолдану үшін алдымен жазбаша талапхат жолдансын, талапхатқа сәйкес, берген түсініктемесі негізге алынып, бұйрық шығарылсын;

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, қызметкер зейнет жасына жеткен күні, оған мекеме мен түзілген еңбек шарты бір айдан соң тоқтайтыны туралы хабарлама берілсін.



Жұмысшы топ мүшелері:

Жабаева Алтинкул Жамбылқызы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

Усаров Бехруз Мунирович, оқу бөлімінің меңгерушісі;

Махамбет Айгерім Бахытжановна, кадр бөлімінің меңгерушісі;

Мусаев Фарид Дарвинович, мемлекеттік сатып алу менеджері;

Разиқова Умида Хаширбековна, зертханашы.